ЗАҢ газеті


zangazet@mail.ru

№ 78 (3905)
16 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ




Сталкинг пен дропперлікке немқұрайлы қарауға болмайды

3-БЕТ



Astana Media Week медиа апталығы: кәсіби алаңның он жылдық белесі

8-БЕТ



Мемлекеттік тапсырыс берушінің шешімі заңды болу керек

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЮДЖЕТ БОЛЖАМЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЫНДЫҚ



2027–2029 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын талқылау кезінде экономикалық өсімнің болжамды көрсеткіштерімен қатар, мемлекеттік шығыстардың тиімділігі, өңірлердің инфрақұрылымдық проблемалары және отандық бизнесті қолдау мәселелері де күн тәртібіне шықты. Құрылтай депутаттарының көтерген мәселелері негізінен «қомақты қаржыға құрылған бюджет қарапайым азаматтың өміріне қандай өзгеріс әкеледі?» дегенге тірелді.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

Елімізде жұмыспен қамтылған азаматтардың саны артып, еңбек нарығында жаңа мүмкіндіктер қалыптасып келеді. Жұмыссыздықты азайтуға бағытталған мемлекеттік шаралар да жүзеге асырылуда. Дегенмен тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі тек жаңа жұмыс орындарын ашумен шектелмейді. Азаматтар үшін тұрақты табыс табу, әлеуметтік кепілдіктерге ие болу және кәсіби тұрғыдан даму мүмкіндігі маңызды. Ресми статистика еңбек нарығында оң өзгерістер бар екенін көрсеткенімен, жұмыспен қамтудың сапасы мен халықтың нақты табыс деңгейі әлі де назар аударуды қажет етеді.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ: СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС НЕГЕ САЙ ЕМЕС?

Қазақстанда еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері салыстырмалы түрде тұрақты. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың екінші тоқсанында еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрады. Осы кезеңде республика экономикасының әртүрлі салаларында 9 миллион 399,9 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 99,5 мың адамға артық.

Жұмыспен қамтылғандардың 7 млн 253,2 мыңы жалдамалы қызметкер болса, 2 млн 146,7 мыңы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар қатарында. Яғни, еңбек етіп жүрген тұрғындардың 22,8 пайызы өз бетінше табыс табады. Аталған көрсеткіштер халықтың экономикалық белсенділігін сипаттағанымен, олардың еңбек жағдайы мен табыс тұрақтылығын толық ашып бере алмайды.

Өйткені жұмыспен қамтылған азаматтардың еңбек ету шарттары әртүрлі. Бірі ұзақ мерзімді еңбек шарты негізінде тұрақты еңбекақы алса, енді бірі жеке кәсіппен, маусымдық жұмыстармен немесе белгілі бір уақытқа жоспарланған қызмет түрлерімен айналысады. Мұндай жұмыспен қамту нысандарының әрқайсысының экономикадағы орны бар. Алайда табыстың мөлшері мен тұрақтылығы қызмет түріне, нарықтағы сұранысқа және жұмыс берушінің мүмкіндігіне байланысты өзгеруі ықтимал.

Өзін-өзі жұмыспен қамту тұрақсыз еңбек дегенді білдірмейді. Жеке кәсібін дамытып, тұрақты табыс тауып жүрген азаматтар да бар. Сол сияқты жалдамалы жұмыстағы қызметкердің де еңбекақысы барлық қажеттілігін өтеуге жеткілікті болмауы мүмкін. Сондықтан жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы халықтың әлеуметтік жағдайы толық жақсарды деген тұжырым жасауға негіз бола алмайды.

Еңбек нарығындағы бұл ерекшеліктер жұмыс орындарының санымен қатар, олардың сапасына да назар аудару қажеттігін көрсетеді. Азамат үшін жұмысқа орналасу алғашқы қадам болса, сол қызметін ұзақ уақыт жалғастыру, лайықты еңбекақы алу және кәсіби дамуға мүмкіндік табу одан кем емес. Жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы да осы мәселенің өзектілігін айқындай түседі. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2026 жылдың тамыз айында Enbek.kz Электрондық еңбек биржасында жұмыс берушілер 131,6 мың бос жұмыс орнын жариялаған. Бұл шілде айымен салыстырғанда 25,8 пайызға көп. Ал жұмыс іздеушілер тарапынан 145,2 мың түйіндеме орналастырылған.

(Жалғасы 6-бетте)

СӘТТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Динара СЕЙДЖАПАРОВА,
БҰҰ Жаһандық шартының Орталық Азиядағы атқарушы директоры:

«ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҚТЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ТЕХНОЛОГИЯ ЕМЕС, АДАМ»

Қазақстан цифрландыру саласында айтарлықтай серпіліс жасады. Алайда жаңа технологиялар дамыған сайын дербес деректердің қауіпсіздігі, азаматтардың құқықтары мен цифрлық жүйелердің тұрақтылығы мәселесі де өзекті бола түсуде. 2026 жылғы 14 қазанда Алматыда өткен Qazaqstan Internet Governance Forum (IGF 2026) аясында интернетті көпжақты басқару, жасанды интеллект, цифрлық қауіпсіздік және тұрақты даму мәселелері талқыланды. Осы орайда БҰҰ Жаһандық шартының Орталық Азиядағы атқарушы директоры, халықаралық даму және корпоративтік басқару саласындағы сарапшы Динара Сейджапароваңы сөзге тартқан едік.

– Динара Нұрланқызы, форумда интернетті көпжақты басқару мен тұрақты даму арасындағы байланысты сөз еттіңіз. Бұл мәселенің Қазақстан үшін маңызы қандай?

– Менің ойымша, біз ең алдымен интернет пен цифрлық технологияларды тек техникалық инфрақұрылым немесе экономикалық тиімділікті арттыру құралы ретінде қарастырудан арылуымыз керек. Бүгінде цифрлық кеңістік – азаматтардың құқықтары, экономикалық мүмкіндіктері, білім алуы, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігі және қоғамдық өмірге қатысуы тоғысатын маңызды орта. Сондықтан интернетті басқару мәселесі тек мемлекетке немесе технологиялық компанияларға ғана қатысты емес. Бұл – бүкіл қоғамның мүддесін қозғайтын мәселе.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты даму мақсаттары тұрғысынан қарасақ, цифрлық технологиялар кедейлікті азайтуға, сапалы білімге қолжетімділікті кеңейтуге, гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге, экономикалық өсуді ынталандыруға және тиімді институттарды дамытуға мүмкіндік береді. Алайда технологияның өзі автоматты түрде тұрақты дамуға алып келмейді. Мұның бәрі оның қалай басқарылатынына, кімге қызмет ететініне және қоғамның барлық топтарына қаншалықты қолжетімді екеніне байланысты.

– Қазақстанның цифрландыру саласындағы жетістіктерін қалай бағалайсыз?

– Шетелдерге жиі сапар шегетін адам ретінде еліміздің цифрлық трансформацияда қаншалықты алға жылжығанын байқамау мүмкін емес. Шынымды айтсам, кейде халықаралық кездесулерде Қазақстанның осы бағытта әлемдегі көптеген дамыған мемлекеттерден озып кеткенін мақтанышпен айтамын. Мысалы, Жапония – технологиялық дамуымен әлемге танылған мемлекет.

Бірақ күнделікті тұрмыста қолма-қол ақша әлі де кеңінен пайдаланылады. Америка Құрама Штаттарында да қағаз құжаттар, чектер мен дәстүрлі қаржылық рәсімдер сақталған. Ал Қазақстанда біз көптеген мемлекеттік қызметті телефон арқылы аламыз, банк операцияларын бірнеше секундта жүзеге асырамыз, күнделікті төлемдердің басым бөлігін цифрлық форматта жүргіземіз. Бұған отандық қаржы институттары да зор үлес қосты.

(Жалғасы 5-бетте)

Электрондық нұсқа

КӨЗҚАРАС

Тіл – ұлттың рухани болмысы, мәдениеті мен тарихының айнасы. Ол халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымын, салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін баға жетпес мұра. Қазақ тілі – халқымыздың жаны, тәуелсіздігіміздің нышаны, елдігіміздің айқын көрінісі. Сондықтан мемлекеттік тілді құрметтеу, оның қолданыс аясын кеңейту және мәртебесін нығайту – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

ТАРИХ АЙНАСЫ

Сот саласында мемлекеттік тілдің орны айрықша. Өйткені сот төрелігін жүзеге асыру – заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және әділдікті орнықтырумен тікелей байланысты жауапты қызмет. Осы үдерісте тілдің дұрыс әрі сауатты қолданылуының маңызы зор. Заң талаптарын нақты жеткізу, сот актілерін түсінікті тілде баяндау және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру сот төрелігінің сапасына ықпал етеді.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, сот ісін жүргізу тілі заңда белгіленген тәртіппен айқындалады. Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданысын дамыту – құқықтық мемлекетті нығайтудың маңызды бағыттарының бірі. Сот құжаттарын мемлекеттік тілде сапалы әзірлеу, заң терминдерін бірізді қолдану және ресми құжаттардың тілдік сауаттылығын сақтау кәсіби жауапкершілікті талап етеді.

Судья ретінде мемлекеттік тілге деген құрметті күнделікті қызметтен бастау қажет деп санаймын. Тілге деген жанашырлық құр сөзбен емес, нақты іспен көрінуі тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің дамуы тек мемлекеттік органдардың міндетімен шектелмейді. Оның қоғамдағы қолданыс аясын кеңейтуге әрбір азамат үлес қоса алады. Күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлесу, балаларға ана тілін үйрету, көркем әдебиет оқу, сауатты жазуға дағдылану және мемлекеттік тілде сапалы ақпарат тұтыну – тілдің дамуына ықпал ететін қарапайым әрі маңызды қадамдар. Тілді білу мен қолдану адамның кәсіби және тұлғалық дамуына да жаңа мүмкіндіктер ашады.

Мемлекеттік тілдің болашағы оны күнделікті өмірде қаншалықты қолданатынымызға байланысты. Тілге деген сүйіспеншілік отбасынан басталып, білім беру мекемелерінде жалғасып, еңбек ұжымдары мен мемлекеттік органдарда нақты көрініс табуы қажет. Әсіресе, жас ұрпаққа қазақ тілінің байлығын, көркемдігін және қоғамдық маңызын таныту – баршамызға ортақ міндет. Өйткені тілін құрметтеген ұрпақ ұлттық құндылықтарын да бағалай біледі.

Гаухар ОРАЛБАЙ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

МІНДЕТ

ДАУДЫ КҮШПЕН ЖЕҢЕМІЗ ДЕУ ҚАТЕ



Қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің дамуы ең алдымен заң мен тәртіптің сақталуына байланысты. Заң – азаматтардың құқығы мен міндетін айқындайтын негізгі құрал болса, тәртіп – сол заң талабының күнделікті өмірде жүзеге асуы. Заңға құрмет қалыптасқан жерде адамдар бір-бірінің құқықтарын сыйлап, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды. Ал бұл қоғамдағы өзара сенімнің нығаюына жол ашады.

Бүгінде заң мен тәртіп мәселесі цифрлық кеңістікте де өзекті. Әлеуметтік желілердің кең таралуына байланысты адамдардың интернеттегі жауапкершілігі артып келеді. Біреудің жеке мәліметін рұқсатсыз жариялау, жалған ақпарат тарату немесе адамның ар-намысына тиетін жазбалар орналастырудың салдары болуы мүмкін. Сондықтан виртуалды ортада да заң талаптарын сақтау және өзге адамның құқығын құрметтеу маңызды.

Заң мен тәртіпті нығайтуда құқықтық сауаттылықтың да маңызы зор. Өз құқығы мен міндетін білмейтін адам кейде заң бұзушылыққа байқамай жол беруі немесе өз құқығын қорғай алмауы мүмкін. Сондықтан құқықтық білімді мектеп қабырғасынан бастап қалыптастыру қажет. Жасөспірім заңды құрметтеуді, өзгенің құқығына қол сұқпауды, жауапкершілікті сезінуді ерте үйренсе, болашақта қоғамның белсенді әрі саналы мүшесіне айналады. Бұл ретте отбасының тәрбиесі ерекше рөл атқарады. Балаға «заңды сақта» деп айту жеткіліксіз. Ересектер өз ісімен үлгі көрсетуі керек. Мысалы, жол ережесін сақтау, қоғамдық орындарды таза ұстау, өзгенің еңбегін бағалау, дау туындағанда мәселені күшпен емес, заңды жолмен шешу – балаға берілетін маңызды тәрбие.

Заңға құрмет – өзіне және өзгеге деген құрметтен басталады. Ал тәртіпті қоғам – сенімі берік, болашағы тұрақты қоғам.

Н.ЖОЛДЫБЕК,
Ұлытау облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

ТАРАТУ

2. «Advente Int» ЖШС (БСН 250240008994) өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 050060, Рысқұлбеков көшесі, 28/8-үй, 56-үй-жай.

3. «Аруана-Жайық» қоғамдық қорының құрылтайшыларының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі №3 хаттамасына сәйкес, (БСН 160340004837) «Аруана-Жайық» қоғамдық қорын ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ «Аруана-Жайық» қоғамдық қорының меншігіндегі ҚР Мәдениеиет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті күні 22.12.2023 жылы берген есепке қою туралы №KZ20VPY00084350 куәлік берген «алғашқы есепке қоюы 20.11.2017, 16749-Г) қоғамдық, діни-танымдық «Дүрбі» газеті де 04.09.2026 күні жұмысын тоқтатқанын хабарлаймыз.

8. «Dredger» ЖШС (БСН 150740007537) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, 23-13 көшесі, 32/1-үй, 61-пәтер.

11. «Фирс» ЖШС (БСН 191040001979) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, 050060, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 366-үй, т.е.б.5. Тел. 8 701 305 79 38.

12. «Энергомаксимум» ЖШС (БСН 060540008471) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Барибаева көшесі, 42/10-үй. Тел. +7 775 622 24 42.

14. «ASTANA PHARMBIOSYNTESIS» ЖШС (БСН 111240007504) орналасқан мекенжайы: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 29-ғимарат, 1707-кеңсе, өзінің ерікті түрде таратылатындығы және қызметінің тоқтағандығы туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен наразылықтары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша жазбаша түрде қабылданады: 050004, ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 59. Тел. +77471777306.

15. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 970240000443) (ҚР, Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, 2-шағынаудан, 25-құрылыс, пошта индексі 110700) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 4-шағынауданы, 27-құрылыс мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады, тел. 8-714-35-2-30-37.

16. «F.A.R.T Group» ЖШС (БСН 251040011137) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Ә. Жангелдин көшесі, 3-үй, индексі 160900.

17. «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (БСН 180140001185) (ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18-ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кінәрат-талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 16-ғимарат («Талан Тауэрс» бизнес орталығы), 20-қабат. Тел. 8 701 797 44 99.

19. «Aidarlu Agro» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 241240017875) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 164-үй, 10-корпус, 97-пәтер. Тел. +7 701 779 55 18.

20. «Thebest - Service» ЖШС (БСН 230540032805) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Тоқаев тұйық көшесі, 12а үй, 3-кеңсе. Тел. +7 (705) 229-54-66.

21. «Zhan-Service» ЖШС (БСН 230540037424) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек Жолы көшесі, 99-үй. Тел. +7 (705) 333-26-66.

22. «Тургали» ЖШС (БСН 220340020088) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Шыңқожа ауылы, Қабанбай батыр көшесі, 21-үй, 2-пәтер, индекс 070200, тел. 87077372730.

ӘРТҮРЛІ

4. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 28.10.2026 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

№ 1-лот: Kia Carnival маркалы автокөлік, 2021 ж.ш., мемлекеттік тіркеу нөмірі 314 BEV 02, VIN: KNANE813BMS028644, қозғалтқыш көлемі – 3.5 л, түсі – ақ, бастапқы бағасы – 4 917 114 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3-үй, 201-кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама тел. +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

7. «Кызылординский крахмалопаточный завод» ЖШС (БСН 250840031306) жарғылық капиталының азайғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек ауылы, Ғани Мұратбаев көшесі, 46-үй, индекс 120012. Тел. +7 701 714 3618.

13. «Дәмді ет» ЖШС (БСН 120940008597) (Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 43-үй, 7-кеңсе), «Дәмді ет» ЖШС қатысушыларының 2026 жылы 6 қарашада сағат 12:00-де Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 43-үй, 2-корпус, 26-кабинет мекенжайы бойынша өтетін Жалпы жиналысының өткізілетіні туралы хабарлайды. Жалпы жиналыстың күн тәртібі: Серіктестіктің бұрынғы қатысушыларына қатысты мәселелерді қарау және олардың өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қалған қатысушылар арасында іске асыру мәселелерін шешу.

18. ЖШС «KARADENIZ CONSTRUCTION» (БСН 211040014773) өзіне «Мир Эк» ЖШС-ін (БСН 031040010242) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 302.

23. ТОО «МИК Ломбард» кепілге қойылған алтын бұйымдарын өткізу бойынша сауда-саттық өткізеді. Сауда-саттық 2026 жылғы 20 қазанда сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін Астана қаласы, Әнет баба көшесі, 11/2, ТЕУ 15 мекенжайында өтеді. Тел. +7 777 955 08 35.

24. Алматы қаласы Алмалы ауданының №2 аудандық сотында Трофимов Александр Алексеевичтің (Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 31-үй, 12-пәтер) Трофимов Владимир Александровичті (03.01.1982 ж.т., туған жері — Алматы қаласы, соңғы тұрғылықты жері – сол мекенжай, жоғалған кезде жұмыс істемеген) хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша іс қозғалды. Оның 2022 жылғы 31 желтоқсаннан бері қайда екені белгісіз. Орналасқан жері туралы мәліметі бар адамдардан жарияланған күннен бастап үш ай ішінде аталған сотқа хабарлау сұралады.

МҰРАГЕРЛІК

5. 13.04.2026 жылы қайтыс болған Палымбетов Әмірбек Бекжанұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 23.09.2024 жылы қайтыс болған Оразбаев Болат Өмірбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 15.12.2025 ж. қайтыс болған Сыздықов Қайрғалидың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

25. 2026 жылдың 10 тамызында қайтыс болған Сарсенгалиев Едил Сапиевичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзагалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 1б, тел. 8(701) 222 7274.

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот жанындағы Судьялар одағы филиалы Алтынай Баймұратқызы Баймұратоваға аяулы анасы

Жұматай Оңғарқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

Электронды көшірме